

1928-1997 ж. Қызыл-Әскер мектебі. 1997 жылдың 5 - маусымынан бастап, Садуақас Сатыбалдин атындағы орта мектеп.

Жиырмамыншы жылдары Семей уезіне қарасты Сейтен болысында ұлт мектептерін ашуға ұмтылыс жасалып, әр ауылда батыл қадамдар біліне бастады. Оларға басқа қалалардан оқып келген зиялы азаматтар белсене қатысты. Осындай оқыған гимназист мұғалімнің бірі Садуақас Сатыбалдин болды. Ол қызылқоғамда 1924-1926 жылдары ауылдық төрт кластық бастауыш мектеп негізін қалап, енді жаңадан мектеп салу ісін ұйымдастыруға кіріседі.

1927 жылдың маусым айы. Қоңыр самалы ескен тамылжыған ауыл кешінің бірінде Садуақас балаларын оқытуға құштар ауыл кедейлерін жиып, арнайы жиын өткізді. Онда ол өнер-білімнің қажеттігі жайлы айта келіп, әр халықтың ана тілінде оқып, білім алуына Октябрь революциясынан кейін мол мүмкіндік ашылғанын, жаңадан мектеп ашудың толғағы жеткен мәселе екенін түсіндіріп, өзінің түйген ойын ортаға салды. Осы жиынға жиналған ауылдың абыройлы ақсақалдары мен жастары Садуақас сөзін бірауыздан мақұлдады. Сол маңдағы шаруалы бес артельден біріккен «Қызылқоғам» колхозында мектептің салынуына Сатыбалдин тікелей басшылық етеді.

Бүкіл ауыл болып мектеп құрылысына керекті адам күшін біріктіріп, ағаш тасуға жұмылады. Ауылдан екі жүз шақырымдай жердегі қазіргі Шалдай орман шаруашылығынан дайындалған жас қарағайлар күні-түні тасыла бастайды.

Садуақастың ұйымдастырушылық қызметі осы тұста ерекше көрінеді. Ол бұл игілікті істі неғұрлым шапшандату мақсатымен арнайы құрылыс комиссиясын құрады. Оған мектептің іргетасын қаласуға бірінші күннен-ақ қуана-қуана кіріскен Оразалин Оспан, Қасқырбаев Құттыбай, Тәшімов Махмет, Макин Хамза, Макин Шайхым, Жолдыбаев Ілияс, Теміржанов Сыздық, Манабаев Тас, Сәрсенов Жағыпар, Ыдырысов Діңке, Дүкенбаев Хамит сияқты көзі ашық жастар зор ықыласпен ат салысады.

Алғашқы мұғалімдердің бірі Хамит Дүкенбаев: Садуақас ағай қашан мектеп салынғанша дамыл таппады. Біресе Шалдайға барып, біресе алдағы жаңа оқу жылына оқу құралдарын іздестіріп, мұғалімдер дайындауға, халықтың жаппай сауатсыздығын жою ісіне нақты көмек көрсете білді, - деп еске түсіреді.

1928 жылы күзде қарағайдан келістіріп салған тоғыз бөлмелі мектепте білімге сусаған ауыл балалары алғаш рет партаға отырды. Мұғалімдер саны жыл сайын үздіксіз өсумен қатар, онда оқитын балалардың да саны арта бастады.

Садуақастың басшылығымен салынған жаңа мектеп коллективі нығая түсті. Жаңа мұғалімдер қосылды. Осы мектептің тұңғыш түлектері Сәбит Дүкенбаев, Шайхыслам Оспанов, Мүнира Сатыбалдина туған мектептеріне оралады. Олар Семей педагогика техникумын бітіріп келеді. Ол кезде мектеп директоры Нығмет Абдуллин, ол сабырлы, ақылды, білімді азамат болған. Орыс тілінен Жауһан Темірғалин берген. Бұларға қоса алғашқы мұғалімдері Дүйсенбай Байбакин, Әйтен Жүнісов болатын. Мектептің ұлғаюымен қатар отызыншы жылдардың орта шенінде шаруашылық ісі де өркендей бастайды. Сейтен аудандық атқару комиссиясының шешімімен мектеп жанынан интернат ашылады. Оны алғашқыда

«Шекейім» деп атайды. Кейін ол үлкейтіліп, 60 балаға дейін қабылдайтын интернатқа айналады. Иә, мектептің дамуына, нығаюына, оның өсуіне лайықты үлес қосқан мектеп директорлары болып істеген Құдайберген Машыраповтың, Айдарбек Махмұтовтың, Елеуке Қалдановтың, Хабиболла Тезекбаевтың, Қабдрахман Жанғазинның, Бәкен Сыздықовтың, Уайхан Мүлікбаевтың, білімді педагогтар Бибіжан Әбдірахманованың, Зүппар Нұрмағамбетовтың, Жылқыбай Қуатовтың, Зәуре Солтанованың, Әбдірахман Шолақовтың тағы басқаларының есімдері зор ілтипатпен аталады.

Мектеп өзінің түлектерін әрдайым мақтан етеді. Олардың арасында Қазақ ССР Ғылым академиясының экономика және право институты директорының орынбасары, философия ғылымының кандидаты Мұрат Сабитов, физика математика ғылымдарының докторы, ҚАЗМУ-дің ректоры Мейірхан Әбділдин, ғалым-дәрігер Руди Әлиас, техника ғылымдарының кандидаты Қаят Тәшімов, журналист-ақын Рашит Сабитов, физика-математика ғылымдарының кандидаты, Индустриалды институтының кафедра меңгерушісі Мейрам Хамитов, биология ғылымдарының кандидаты Күләш Шаханова, орман шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Шәріп Темірғалиев, аға оқытушылар Роза Бокаева, Нариман Машырапов, т.б. көптеген таңдаулы шәкірттері бар.

Бүгінде «Қызыл-Әскер» мектебінің орталау мектепке айналғанына жиырма жылдан асып барады. Қазір оның түлегін бүкіл еліміздің әр түкпірінен кездестіреміз. Ал 78 жыл тарихы бар мектепте ардагер ұстаздардың эстафетасын олардың ізбасарлары, шәкірттері жалғастыруда.

Садуақас Сатыбалдин

Ертіс өңірінде Садуақас Сатыбалдыұлы есімі күні бүгінге дейін ел есінде. Сәкең қазіргі Павлодар облысы, Лебяжі ауданы, Қаракесек ауылында 1888 жылы дүниеге келген. 1907 жылы Троицк қаласында Медресе-Расулияны бітірген соң, ауылда медресе ашып, хазірет ашып бала оқытады.

Мұсылманша дәріс берумен қатар, есеп, жағрапия, жаратылыстанудан білім негіздерін үйретеді. Кеңес үкіметі келген соң сәлдесін тастап, бірыңғай мұғалімдік қызметке ойысады. Семейде екі жылдық мұғалімдер курсы бітіріп, осы салада аянбай қызмет етеді. Ел құрметіне бөленген ұстаздың ағарту ісіне қосқан бір үлесі өз ауылында мектеп салдыруына байланысты: 1928 жылы аудандық оқу бөлімі алдында мәселе қойып, Бесқарағай деген жерден қарағай қиғызып, еңселі көк қаңылтыр шатырлы мектеп үйін тұрғызды. Осы жеті жылдық «Шекейім» (ШКМ-школа крестьянской молодежи) мектебінің жанынан шағын шаруашылығы (шабындық жері, ат көлігі, асханасы, қоймасы) бар интернат ашылып, онда сол өңірдің жастары оқу оқып, білім ала бастады. Кейіннен ол он жылдыққа айналып, 60-жылдарға дейін Лебяжі ауданындағы бірден-бір қазақ мектеп-интернаты болып тұрды. Сол бір қиын, ауыртпашылығы мол заманда мектеп мәдениет ошағы, білім ордасы қызметін атқарып, «Қызыл-Әскер орта мектебі» деген атпен бүкіл облысқа атағы жайылды. Оның түлектері шаруашылық басқаруда да, білім-ғылым, мәдениет саласында да атсалысып еңбектеніп, елдің өркендеуіне өз үлесін қосуда.